

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»  
пәні бойынша**

**«Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар  
бойынша қайта қарау жөніндегі іс жүргізу»**

тақырыбында әзірленген

**ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы,  
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында  
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттама.**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

## **ЖОСПАР:**

### **Кіріспе**

1. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау мақсаттары мен міндеттері

2. Сот актілерін жаңадан анықталған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіздер.

### **Қорытынды**

**Нормативтік құқықтық актілер**

**Қолданылған әдебиеттер**

## **Кіріспе**

**Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау институты** – бұл өз алдына заң күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша соттық қадағалау сатысының қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Осы институт азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің бұзылған құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Себебі, қандайда болмасын соттардың және әрқилы сатыдағы соттардың қателіктерін түзетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қадағалау тәртібімен іс жүргізу институты біртекті сот тәжірибесін қалыптастырады, себебі, қадағалау сатысының актілері төменгі сатыдағы соттар үшін бағыттама болып келеді, бұл сот қателіктерінің болуын азайтады (П.Я. Трубников).

Сөйтіп, қадағалау сатысында қаулылар заңдық тұрғыдан тексеріледі. Қадағалау сатысында сот актілері қосымша тексеріледі. Қадағалау тәртібі бойынша заң күшіне енген соттың қандайда болмасын шешімі шағымдануға жатады.

Заңды күшіне енген сот актілерін қадағалау тәртібімен қайта қарастыру азаматтық іс жүргізудің дербес деңгейі ретінде өз алдына жеке мақсаттарды көздейді:

1. заңды күшіне енген бірінші және екінші (апелляциялық, кассациялық, қадағалау) сатыдағы сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру;
2. соттармен дұрыс сот актілерін шығаруды қамтамасыз ету;
3. іске қатысушы тұлғаларға олардың құқықары мен заңды мүдделерін қорғауға кепілдік беру;
4. төменгі соттардың қызметіне басшылық көрсету және олардың қызметін қадағалау.

Осы сатыда пайда болатын қатынастардың субъектілері болып бір жағынан қадағалау сатысының соты, ал екінші жағынан қадағалау тәртібінде ісжүргізуге қатысушы тұлғалар табылады.

Қадағалау тәртібімен қайта қарау сатысында пайда болатын азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастар өзіндік субъективтік құраммен сипатталады. Қадағалау тәртібімен қайта қарастыруға заң күшіне енген келесі сот актілері жатады:

1. бірінші сатыдағы соттар шығарған сот актілері (ұйғарымдар мен шешімдер);
2. апелляциялық және кассациялық сатыдағы соттар шығарған сот актілері (ұйғарымдар мен қаулылары);
3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалаушы сот алқасы шығарған қаулысы.

## **1. Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау мақсаттары мен міндеттері**

**Сот актілерін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау институты** – бұл өз алдына заң күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру бойынша соттық қадағалау сатысының қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығы.

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау мәселелері Қазақстан Республикасы АПК 44 тарауында көрсетілген. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институты өз алдына заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын тексерудегі соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығын құрады.

Жаңадан анықталған мән-жайларды қайта қарау процес ретінде – дербес мақсаттарға қол жетуге бағытталған белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігін атайды.

Осы институт келесі мақсаттарды алға қояды:

істің мән-жайы бойынша шығарылған заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру;

азаматтардың, ұйымдардың бұзылған құқылары мен заңды мүдделерін заңмен анықталған негіздер бойынша сот актілерін жою арқылы кепілдендіру.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институтының негізгі мақсаты болып заңды күшіне енген сот актілерін орай жоюға соқтырған арнайы негіздердің болуын немесе болмауын тексеру табылады.

Заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта қарауға негіз ретінде жаңадан анықталған мән-жайлар табылады.

**Жаңадан анықталған мән-жайлар дегеніміз** – бұл, біріншіден, азаматтық істі қарауда және шешім шығаруда орын алған, екіншіден, істі дұрыс шешу үшін маңызды заңды фактілер. Тек жоғарыдағы екі белгілердің болуы ғана мән-жайларды жаңадан анықталған деп тануымызға болады.

Іс үшін маңызды болып қарастырылған істің нәтижелері бойынша соттың қорытынды қабылдауына ықпал берген мән-жайлар табылады. Осы мән-жайларға байланысты соттық шешім, ұйғарым және қаулы қабылданады.

Сот актісін шығарғаннан кейін пайда болған немесе істі дұрыс шешу үшін маңызды болып келмейтін мән-жайлар жаңадан анықталған болып есептелмейді.

Жаңадан анықталған мән-жайларды жаңа мән-жайлардан және жаңа дәлелдемелерден ажырату қажет.

**Жаңа мән-жайлар дегеніміз** – істі қарастыруда орын алмаған және істі мәні бойынша шешуден кейін ғана пайда болған заңды фактілер мен басқа мән-жайлар. Сот актісін шығарудан кейін пайда болған мән-жайлар дербес талап арызды беруге және басқа азаматтық істі қозғауға негіз бола алады.

**Жаңа дәлелдемелер** – тараптардың талаптарын және наразылықтарын негіздейтін мәліметтер, сонымен бірге сотқа ұсынылмаған және белгілі бір себептерге байланысты істі қарастыру барысында және шешуде зерттелмеген іс үшін маңызды болып келетін басқа да мән-жайлар. Жаңа дәлелдемелер, қосымша ұсынылған материалдар сияқты сот актілерін қадағалау тәртібі бойынша тоқтатуға негіз бола алады.

Қадағалау тәртібінде шағым беру мен наразылық келтірудің мерзімдері заңмен арнайы белгіленген. (Қазақстан Республикасы АПК 388 б.). 2010 жылға дейін қадағалау шағымы немесе наразылығы сот актісінің заң күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде берілетін, қазіргі таңда 2009 жылдың 10 желтоқсанында қабылданған Заңнамалық өзгерісөреге сәйкес бұл мерзім 1 жылдық мерзімге шегерілді.

Осы бір жылдық мерзім адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары, Қазақстан Республикасы АПК 387-бабын сәйкес, егер Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі оларды шығаруда негізге алынған акт конституциялық емес деп таныған жағдайда қайта қарау кезінде қолданылмайды. (Қазақстан Республикасы АПК 387 б. 4 б., 388 б. 2 б.).

Азаматтық іс жүргізудегі іс жүргізу мерзімдерінің ұзартылу ережесі қадағалау тәртібінде прокурормен келтірілген наразылық мерзіміне қатысты қолданысын тауып отыр. Яғни, Қазақстан Республикасы АПК 388 б. 3 б. сәйкес, егер қадағалау наразылығын келтіру туралы өтініш прокурорға белгіленген мерзім сақтала отырып берілсе, бірақ ол бойынша шешім қабылданбаса, сот наразылық келтіру мерзімін ұзартады. Наразылықта бұл туралы көрсетілуге тиіс.

Іске қатысушы тұлғалар өздерінің сот актілеріне шағымдану (наразылық келтіру) құқығын қадағалау тәртібінде шағым беру немесе наразылық келтіру жолымен жүзеге асырады.

Шағым беру немесе наразылық келтіру маңызды құқықтық салдарға әкеледі. Ол қадағалау сатысындағы соттың заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру құқығы мен міндетін туындататын процессуалдық әрекет болып табылады.

Көрсетілген құқық соттық қорғану үшін жүгіну құқықтарының бір түрі ретінде қарастырылады.

Шағымдану немесе наразылық келтіру құқығын жүзеге асырудағы негізгі шарттар:

1. шағымды (наразылықты) беру үшін бекітілген қадағалау сатысының мерзімді сақтау;
2. шағымды немесе наразылықты қадағалау тәртібінде шағымды не наразылықты беруге құқылы тұлғаның беруі;
3. заңға сәйкес қадағалау тәртібінде шағымдалу мен наразылық беруге жататын шешімге (наразылыққа) беру.

Қадағалау сатысындағы сотта іс жүргізуде қалыптасатын азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастар процессуалдық құқық қатынастар жүйесінде

төртінші қайтара қатынастар болады, себебі бірінші және апелляциялық, кассациялық сатыдағы соттарда істі қарастырудан кейін пайда болады және бастапқы қатынастар оларға заңдық негіз ретінде есептеледі. Олардың өзінділігі бірінші және апелляциялық, кассациялық сатыдағы сот актісінің заңдылығы мен негізділігін тексерудегі сот дербестігі мақсатымен негізделеді.

Қадағалау тәртібінде шағымданудың (наразылық келтірудің) объектісі ретінде қадағалау тәртібінде шағымдануға (наразылық келтіруге) жататын заңды күшіне енген соттың шешімдері табылады.

Қадағалау тәртібі бойынша шағымдану және наразылық келтіру құқықтары бар заңмен бекітілген тұлғалардың шеңбері кең емес.

**Қадағалау тәртібінде шағымдану (наразылық келтіру) құқығының субъектілері** – бұл қадағалау тәртібінде шағым беруге немесе наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар.

Қадағалау тәртібі бойынша наразылық келтіру субъектілері ретінде заңда тікелей көрсетілген тұлғалар танылады. Оларға (Қазақстан Республикасы АПК 385 б. бойынша):

Біріншіден, тараптар, яғни талап қоюшы мен жауапкер.

Екіншіден, егер оған тиісті құзіреттілігі дұрыс рәсімделген болса, сотта өкілдік етушілер.

Үшіншіден, дау нысанына дербес талап қоюшы үшінші тұлғалар немесе олардың құқықтық мирасқорлары.

Төртіншіден, іске қатыспаған, бірақта олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот акті қабылдаған тұлғалар. Бұл орайда аталған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері соттың әрекетімен бұзылып немесе қозғалып отыр. Бұл аталған тұлғалар өз құқықтарын жергілікті және өзге де соттардың заңды күшіне енген сот актілерін, оларға шағым жасалудың кассациялық тәртібі сақталған жағдайда ғана толық жүзеге асыра алады.

Бесіншіден, Бас прокурор. Заң қадағалау тәртібінде наразылық келтіру құқығын тек Бас прокурорға тисілігін бекітіп отыр.

Сот актілеріне дау айту туралы шағымдарды тараптар және олардың өкілдері, іске қатысушы басқа да тұлғалар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау сот алқасына беріледі.

Ал наразылық Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен заңды күшіне енген сот актісіне Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына беріледі. Басқа прокурорлардың қадағалау тәртібі бойынша наразылық келтіруге құзіреттіліктері жоқ.

Өтінішті, наразылықты іс қадағалау сатысында қаралғанға дейін оны сотқа тиісінше арыз беру жолымен жүгінген тұлға кері қайтарып алуы мүмкін. Сот іске қатысушы тұлғаға наразылықтың кері қайтарып алынғаны туралы хабарлайды. Өтініш пен наразылықты кері қайтарып алу қадағалау сатысында іс жүргізудің қысқартылуына әкеп соғады.

И.М.Зайцевтің пайымдауы бойынша қадағалау тәртібі бойынша сот актілерін қайта қарау келесі себептермен негізделеді:

1. Соттық іс жүргізуде заңдылықты нығайтуға ұмтылу;
2. Соттың қателіктерін жою мақсатында соттардың қандайда болмасын актілерін қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

## **2. Сот актілерін жаңадан анықталған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау үшін негіздер.**

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау мәселелері Қазақстан Республикасы АПК 44 тарауында көрсетілген. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институты өз алдына заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын тексерудегі соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығын құрады.

Жаңадан анықталған мән-жайларды қайта қарау процес ретінде – дербес мақсаттарға қол жетуге бағытталған белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігін атайды.

Осы институт келесі мақсаттарды алға қояды:

істің мән-жайы бойынша шығарылған заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру;

азаматтардың, ұйымдардың бұзылған құқылары мен заңды мүдделерін заңмен анықталған негіздер бойынша сот актілерін жою арқылы кепілдендіру.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институтының негізгі мақсаты болып заңды күшіне енген сот актілерін орай жоюға соқтырған арнайы негіздердің болуын немесе болмауын тексеру табылады.

Заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта қарауға негіз ретінде жаңадан анықталған мән-жайлар табылады.

**Жаңадан анықталған мән-жайлар дегеніміз** – бұл, біріншіден, азаматтық істі қарауда және шешім шығаруда орын алған, екіншіден, істі дұрыс шешу үшін маңызды заңды фактілер. Тек жоғарыдағы екі белгілердің болуы ғана мән-жайларды жаңадан анықталған деп тануымызға болады.

Іс үшін маңызды болып қарастырылған істің нәтижелері бойынша соттың қорытынды қабылдауына ықпал берген мән-жайлар табылады. Осы мән-жайларға байланысты соттық шешім, ұйғарым және қаулы қабылданады.

Сот актісін шығарғаннан кейін пайда болған немесе істі дұрыс шешу үшін маңызды болып келмейтін мән-жайлар жаңадан анықталған болып есептелмейді.

Жаңадан анықталған мән-жайларды жаңа мән-жайлардан және жаңа дәлелдемелерден ажырату қажет.

**Жаңа мән-жайлар дегеніміз** – істі қарастыруда орын алмаған және істі мәні бойынша шешуден кейін ғана пайда болған заңды фактілер мен басқа мән-жайлар. Сот актісін шығарудан кейін пайда болған мән-жайлар дербес талап арызды беруге және басқа азаматтық істі қозғауға негіз бола алады.

**Жаңа дәлелдемелер** – тараптардың талаптарын және наразылықтарын негіздейтін мәліметтер, сонымен бірге сотқа ұсынылмаған және белгілі бір себептерге байланысты істі қарастыру барысында және шешуде зерттелмеген іс үшін маңызды болып келетін басқа да мән-жайлар. Жаңа дәлелдемелер, қосымша ұсынылған материалдар сияқты сот актілерін қадағалау тәртібі бойынша тоқтатуға негіз бола алады.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың объектісі болып заңды күшіне енген келесі сот актілері табылады:

- бірінші сатыдағы соттың шешімдері;
- бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілген немесе жаңа шешім қабылданған апелляция, қадағалау сатысындағы соттардың шешімдері, ұйғарымдары және қаулылары.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды қайта қараудың негіздері Қазақстан Республикасы АПК 404 б. ескерілген. Осы мән-жайлардың төрт тобы көрсетілген.

*Бірінші топқа* іс үшін маңызды болып келетін, арызданушыға белгілі болмаған немесе белгілі болуы мүмкін емес мән-жайлар жатады (Қазақстан Республикасы АПК 404 б. 1 т.). Осы мән-жайлар арызданушымен бірге азаматтық істі қарастырып сол бойынша шешім қабылдаған сотқада белгілі болмайды. Мысалы, заңды мұрагерлер арасында мұрагерлік мүлік туралы шешімді сот қабылдайды. Шешімді қабылдағаннан соң қарастырылып жатқан мұрагерлік мүлікке қатысты заңмен бекітілген тәртіппен рәсімделген өсиет анықталады. Осы мән-жай - өсиет жаңадан анықталған мән-жай болып табылады және ол, заңды мұрагерлердің арасында мұраны бөлу туралы іс бойынша шешімді қайта қарауға негіз болып табылады.

*Екінші топты* заңды күшіне енген соттың үкімімен беліленіп, заңсыз не негізсіз шығаруға әкеп соқтырған, куәгерлердің көрінеу жалған жауаптары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы, көрінеу дұрыс аудармау, жалған құжаттарды немесе айғақтық заттарды ұсыну құрады (Қазақстан Республикасы АПК 404 б. 2 т.). Осы жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың негіздері азаматтық істің мәнін анықтаудағы соттың қолданған дәлелдемелерінің сапасыздығын және жетіспеушілігін көрсетеді. Осыған орай, іс бойынша сотың қабылдаған шешімі заңсыз не негізсіз деп танылады.

*Үшінші топты* заңды күшіне енген сот үкімімен белгіленген, тараптардың, іске қатысушы басқа адамдардың, не олардың өкілдерінің қылмысты әрекеттері немесе судьялардың сол істі қарау кезінде жасаған қылмысты әрекеттері құрады (Қазақстан Республикасы АПК 404 б. 3 т.). Осында жаңадан анықталған мән-жайларға заңды күшіне енген соттың үкімімен белгіленген процеске қатысушылардың және судьялардың қылмысты қылықтары жатады. Аталып өткен азаматтық процессуалдық қатынастардың субъектілерінің қылмысты қылықтары жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауға жататын нақты бір азаматтық істі қарауда жасалуы тиіс. Осы тұлғалардың басқа процеске қатысулары, қатысу барысында жоғарыда аталып өткен қылмысты қылықтары жасалмағандығы істі қарауда қабылданған сот актілерін қайта қарауға негіз болмайды.

*Төртінші топты* белгілі бір шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны шығаруға негіз болған сот шешімінің, үкімінің немесе қаулысының не өзге де орган қаулысының күшін жою негіздері құрады (Қазақстан Республикасы АПК 404 б. 4 т.). Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау сот

шешімнің, ұйғарымының немесе қаулысының негізін құрған заңмен анықталған фактілерді жоққа шығару арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енген шешімін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша осы шешімді шығарған сот қайта қарайды. Бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау сатыларындағы ұйғарымдарды, шешімдерді, қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарауды шешімді өзгерткен немесе жаңа шешім шығарған сот жүргізеді.

Шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды іске қатысқан адамдар, құқықтары мен заңды мүдделерін шығарылған сот актісі қозғаған өзге де мүдделі тұлғалар немесе прокурор шешім, ұйғарым немесе қаулы шығарған сотқа береді.

Мұндай арызды іске қатысушы адамдар қайта қарау үшін негіз болатын мән-жайлар анықталған күннен бастап үш ай ішінде бере алады.

Сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз сотқа жазбаша нысанда беріледі. Арыз берген тұлға немесе оның уәкілетті өкілі арызға қол қояды.

Сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызда:

- 1) арыз берілген соттың атауы;
- 2) арыз берген тұлғаның және іске қатысатын басқа тұлғалардың атауы, олардың тұрған жері немесе тұрғылықты жері;
- 3) арыз беруші жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініш жасап отырған сот актісін қабылдаған соттың атауы; сот актісінің қабылданған күні; даудың нысанасы;
- 4) арыз берген тұлғаның талаптары; осы Кодекстің 404-бабында көзделген және осы мән-жайлардың ашылуын немесе анықталуын растайтын құжаттарға сілтеме жасала отырып, арызданушының пікірі бойынша жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша сот актісін қайта қарау туралы мәселені қою үшін негіз болған жаңадан анықталған мән-жайлар;
- 5) қоса тіркелген құжаттардың тізбесі көрсетілуге тиіс.

Арызда іске қатысатын тұлғалардың телефон, факс нөмірлері, электронды почтаның мекенжайлары және өзге де мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

Арыз берген тұлға іске қатысатын басқа тұлғаларға оларда жоқ арыздың және қоса берілген құжаттардың көшірмелерін жіберуге міндетті.

Арызға:

- 1) жаңадан анықталған мән-жайларды растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 2) арызданушы қайта қарау туралы өтініш жасаған сот актісінің көшірмесі;
- 3) іске қатысатын басқа тұлғаларға оларда жоқ арыздың және құжаттардың көшірмелері жіберілгенін растайтын құжат;

4) тұлғаның арызға қол қою өкілеттігін растайтын сенімхат немесе өзге де құжат қоса тіркелуге тиіс.

Арыздың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды сақтай отырып берілген сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз тиісті соттың іс жүргізуіне қабылданады.

Арызды соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені ол сотқа келіп түскен күннен бастап бес күн мерзімде тиісті соттың судьясы жеке-дара шешеді. Тиісті соттың судьясы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарады. Ұйғарымда арызды қарау жөніндегі сот отырысын өткізудің күні мен орны көрсетіледі. Ұйғарымның көшірмесі іске қатысатын тұлғаларға жіберіледі.

Егер тиісті соттың судьясы арызды іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешу кезінде:

1) арыздың осы Кодекстің 405-бабында белгіленген қағидалар бұзыла отырып берілгенін;

2) арыздың белгіленген мерзім өткеннен кейін берілгенін және оны қалпына келтіру туралы өтініштің жоқ екенін немесе арыз берудің өткен мерзімін қалпына келтіруден бас тартылғанын;

3) арыздың нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптардың сақталмағанын анықтаса, арыз беруші берген сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды оған қайтарады.

Арызды қайтару туралы ұйғарым шығарылады.

Ұйғарымның көшірмесі арызбен және оған қоса тіркелген құжаттармен бірге ұйғарым шыққан күннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей арыз берушіге жіберіледі.

Арызды қайтару туралы соттың ұйғарымына шағым жасалуы, наразылық берілуі мүмкін.

Сот жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны қайта қарау туралы арызды сот отырысында қарайды. Арыз берушіге және іске қатысушы адамдарға отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі арызды қарауға кедергі болмайды.

Сот шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қарай келіп, не арызды қанағаттандырады және шешімнің, ұйғарымның немесе қаулының күшін жояды, не оны қайта қараудан бас тартады.

Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша сот актісінің күшін жою туралы және сот актісін жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешімдеріне белгіленген тәртіппен шағымдануға және наразылық беруге болады.

Шешімнің, ұйғарымның немесе қаулының күші жойылған жағдайда сот істі осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша қарайды.

## **Қорытынды**

Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау мәселелері Қазақстан Республикасы АПК 44 тарауында көрсетілген. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институты өз алдына заңды күшіне енген шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын тексерудегі соттың қызметін реттейтін азаматтық-процессуалдық нормалардың жиынтығын құрады.

Жаңадан анықталған мән-жайларды қайта қарау процес ретінде – дербес мақсаттарға қол жетуге бағытталған белгілі бір процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бір бөлігін атайды.

Осы институт келесі мақсаттарды алға қояды:

істің мән-жайы бойынша шығарылған заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын және негізділігін тексеру;

азаматтардың, ұйымдардың бұзылған құқылары мен заңды мүдделерін заңмен анықталған негіздер бойынша сот актілерін жою арқылы кепілдендіру.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау институтының негізгі мақсаты болып заңды күшіне енген сот актілерін орай жоюға соқтырған арнайы негіздердің болуын немесе болмауын тексеру табылады.

Заңды күшіне енген сот шешімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын қайта қарауға негіз ретінде жаңадан анықталған мән-жайлар табылады.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қараудың объектісі болып заңды күшіне енген келесі сот актілері табылады:

- бірінші сатыдағы соттың шешімдері;
- бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгертілген немесе жаңа шешім қабылданған апелляция, қадағалау сатысындағы соттардың шешімдері, ұйғарымдары және қаулылары.

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша шешімдерді, ұйғарымдарды және қаулыларды қайта қараудың негіздері Қазақстан Республикасы АПК 404 б. ескерілген. Осы мән-жайлардың төрт тобы көрсетілген.

### **Нормативтік құқықтық актілер**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім). 1999 ж., 1 шілде. (2016.09.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі. 2015 ж., 23 қараша. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі, (2016.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
7. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
8. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
9. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім.
2. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-289 б.
3. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы.
4. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
5. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие- 2-е изд.,перераб.и доп
6. Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2011- 530с.
7. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие.
8. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
9. Баймолдина З.Х. Производство по пересмотру судебных актов по гражданским делам: Учебное пособие
10. Алматы: ҚазМЗУ, 2002.
11. Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный

ресурс]: электронный учебник.  
12.М.: КНОРУС, 2011